

RYHANI JANGYRY

«АТЫННАН АЙНАЛАЙЫН,
ӘУЛИЕ АТА»

5-бет

АЛЕЙМЕТ

АНАФА ТАҒЫМ
ЕТИНДЕР!

8-бет

EGEMEN – 100

ҚАРАПАЙЫМ
ЕДІ-АУ ҚАЛЕКЕҢ

9-бет

JANSARAI

«ҚАЙ ҚЫЗМЕТТЕ ДЕ ҚАЛАМЫМА
СҮЙЕНДІМ...»

10-бет

Халықаралық мәселелерді талқылады

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Акорда» резиденциясында Astana Club халықаралық пікірталас алаңына қатысу үшін Нұр-Сұлтан қаласына келген Иран Ислам Республикасының Сыртқы істер министрі Мұхаммед Джавад Зарифті қабылдады, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Тараптар екіжақты ынтымақтастықтың қазіргі ахуалы мен перспективасын, сондай-ақ өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді талқылады.

Мемлекет басшысы биылғы қазан айында Ереванда өткен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес аясында Президент Хасан Руханимен табысты келіссөз жүргізгенін айтты. Қазақстан Президенті ирандық әріптесінің Нұр-Сұлтан қаласына өзіне ыңғайлы уақытта сапармен келуін күтетінін жеткізді. Мұхаммед Джавад Зариф Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстан астанасында



өзіне көрсетілген қонақжайлық үшін алғыс айтты.

Иранның Сыртқы істер министрі Astana Club жұмысынан алған әсерімен бөлісе отырып,

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың форумның пленарлық отырысындағы баяндамасын және жиынның сындарлы атмосферасын жоғары бағалады.

Армия заман талабына сай жасақталады

Қазақстан Президенті – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қорғаныс министрі Нұрлан Ермекебаевты Қазақстан әскерінің қазіргі ахуалы мен даму перспективалары туралы есебін тыңдады, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Нұрлан Ермекебаев Мемлекет басшысына Арыс қаласындағы төтенше жағдайдың салдарын жою туралы баяндады. Әскери ведомство басшысының айтуынша, еліміздегі барлық оқ-дәрі қоймаларына тексеру жүргізілген. Нәтижесінде, аталған нысандарды қажетті қауіпсіздік деңгейіне жеткізу және оңтайландыру жоспары дайындалған.

Қорғаныс министрі ведомствоның орталық аппаратының қызметіне функционалды талдау жүргізудің бірінші кезеңі туралы есеп берді. Оның айтуынша, атқарылған жұмыстардың нәтижесінде министрліктің, бас штабтың және әскери басқарманың жергілікті органдарының 300-ден ашаттық бірлігі оңтайландырылды. Соның есебінен 2020 жылдан бастап жыл сайынғы үнем 450 миллион

теңгеден асатын болады. Бұл қаржы әскери құрамды материалдық тұрғыдан ынталандыруға бағытталады.

Сонымен қатар Нұрлан Ермекебаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа кезекті әскер қатарына шақыру науқанының қорытындылары, қысқы оқыту маусымына дайындық және әскери техникаларды қысқы режимге көшіру жөнінде мәлімет берді. Бұдан бөлек әуе қорғанысы мен әскери-теніз күштерін дамыту, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығына арналған әскери шеруге дайындық, сондай-ақ әскери қызметшілерді әлеуметтік тұрғыдан қорғау мәселелері қозғалды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің Қарулы Күштерін қазіргі заман талабына сай жасақтауға қатысты бірқатар нақты тапсырма берді.

Astana Club халықаралық ықпалды алаңға айналды

Елордада екі күнге созылған Astana Club-тың пленарлық отырысы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен өтті. Елбасы жиында сөйлеген сөзінде бүгінгі Еуразиядағы геосаяси жағдайға әсер ететін қауіп-қатерді атады.

Тұрақтылықтың тұғыры биік болуы үшін бірігу керек

Кезінде Елбасының идеясымен құрылған Astana Club жаһандық сынақтарларды еңсеруге мүмкіндік беретін шешімдер қалыптастыру және іздестіру удерісінде таптырмас алаңға айналды. Биыл бесінші мәрте ұйымдастырылып отырған айтулы шарада әлемдік ірі державалар АҚШ, Қытай және Ресей арасындағы қырғи-қабақтың ұшығуы, сауда протекционизмі мен популистік көңіл күйдің артуы, сондай-ақ Иран мен Солтүстік Корея төңірегінде жаңа шиеленістердің бой көрсетуі сынды ауқымды мәселелер кеңінен сөз болды.

Елбасы алдымен форумға қатысушыларға, соның ішінде атақты саясаткерлер мен сарапшылар және дипломаттарға Astana Club-тың бесінші отырысына келгендері үшін алғысын білдірді. Халықаралық диалогтық платформалар жүйесінде Astana Club бірегей ықпалға ие екенін атап өткен Елбасы бүгінгі сынақтарларды еңсеруде үлкен Еуразиядағы ынтымақтастықтың жаңа перспективаларын ашу үшін ашық, шынайы диалог қажет екенін атап өтті.

– Еуразия меконтиненттегі ішкі байланыстардың артуы алдағы уақытта теңдесі жоқ мүмкіндіктерге жол ашады. Бастысы ашық және әділ диалог орнату қажет. Бұл «Үлкен Еуразиядағы» ынтымақтастықтың жаңа перспективаларын тиімді пайдалануға апарар ізгі жол, – деді Н.Назарбаев.

Әр жыл сайын клуб отырысында Нұрсұлтан Назарбаевтың «Үлкен

кеністікте саралауы керек. Тек сонда ғана Еуразия құрлығына топтасқан елдер өз әлеуетін арттыра алады. Дәл осы ретте біздің клуб «Үлкен Еуразия» атты жаңа геосаяси құрылымда бірыңғай алаң болып отырғанын қуантады, – деді Елбасы.

Елбасы әйгілі ойшыл Арнольд Тойнбидің мына сөзін мысалға келтірді:

– Тарихтың сын-тегеурініне қарсы жауап тапқан әрбір қоғам дамиды, түптің түбінде жеңіп шығады. Тарих – қатал экзаменатор. Тарихқа көптеген мемлекет бұрыс немесе орынсыз әрекеті үшін жауап беруіне тура келді. Бір елдің немесе аймақтың ғана емес, тұтас адамзаттың келешегі бүгінгі сынақтан қалай өтетінімізге байланысты болмақ. Тек күш біріктіру арқылы ғана жаңа қауіптер мен тегеуріндерге қарсы тұра аламыз, – деді Н.Назарбаев.

Елбасы өз сөзінде Еуразиядағы сын-қатерлерге жеке тараптан шара таппай, – деді.

– Еуразиядағы геосаяси жағдайға жағымсыз әсерін тигізетін қауіптер жайлы көзқарасымды білдірсем деп едім. Алдымен бізді келе жатқан дағдарыстан хабар беретін әлемдік экономикадағы ахуал алаңдатады. Сауда текетіресі үдей түскендіктен геосаяси тұрақсыздық ахуалын әлемдік институттар төмен бағалауда. Әлемдік өсімнің бәсеңдеуі жаһандық саудаға теріс ықпалын тигізеді. Жалпы, мемлекеттер алдындағы қарызын деңгейі 2007 жылғы дағдарыс алдындағы қарыз деңгейінен екі есе артып, әлемдік ДЖӨ-нің 80 пайызына жетті. Бұл факторлардың барлығы әлемдік тұрақтылықты теңселтіп, Еуразия елдеріне қатты ықпал етіп отыр, – деді Н.Назарбаев. Тұңғыш Президент Astana Club отырысына қатысушылардың

бірқатарымен жеке кездескенін, дәл сол кездесулерде аталған мәселелер талқыланғанын айтты.

– Әлемдік державалар арасындағы бәсекелестік жаңа деңгейге шықты. Өзара санкциялар, сауда соғыстары – АҚШ пен ҚХР-дың қазіргі қарым-қатынасының қалыптасуына айналып кеткен. Агрессивті риторика, экономикалық санкция – Батыс пен Ресей арасындағы негізгі қатынас тілі болып тұр. Тұрақты коммуникация арналарының болмауы ахуалды одан сайын қиындатып отыр. Жетекші державалардың арасындағы текетірес автоматты түрде Еуразияның ыстық нүктелеріне ауысып отырады. Бұл жағдай Сирия мен Украинадағы мәселені бейбіт түрде шешу амалдарын қиындатады. Ал Брексит соңғы уақыттың негізгі антиинтеграциялық оқиғасына айналды, – деді Елбасы.

Сонымен қатар Қазақстанның Тұңғыш Президенті өз кезегінде жаһандық энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратын Таяу Шығыстағы жағдайға ерекше назар аударды.

– Таяу Шығыстағы жаһандық энергетикалық қауіпсіздік бойынша аймақтағы жағдай күрделене түсті. Энергия тасымалдаушылардың 30 пайызы Ормуз бұғазы арқылы өтетінін білеміз. АҚШ-тың ядролық келісімен шығуы да өңірдегі жағдайды шиеленістірді. Кезінде Қазақстан бұл келісімнің орнауына үлес қосқан болатын. Сіздер талқыға салған осындай үрдістердің барлығы Еуразиядағы қауіпсіздік жүйесін қайта ретке келтіруді, жаңа ұсыныстар әзірлеуді талап етеді, – деді Н.Назарбаев.

Қауіпсіздіктің жалпы континенттік архитектурасын қалыптастырудағы негізгі тәсілдерді сыни тұрғыдан қайта ойлау қажет екенін айтқан Елбасы бірқатар практикалық шара ұсынды.

(Жалғасы 2-бетте)



МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Техникалық байқау талапқа сай ма?

Елімізде 160 техникалық байқау орталығының жұмысы тоқтатылды

Биыл жазда интернетте автокөліктер мен түрлі техникаларға жүргізілетін техникалық байқауды WhatsApp арқылы ресімдеуді ұсынған хабарландырулар тарап, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі елдегі аталған қызметтің заңға сәйкес өтетінін күмән келтірген болатын. Тіпті азаматтардың жеке көлігін техникалық байқаудан босату туралы да ұсыныстар айтылған екен.

бақылау жүргізу өкілеттігі бар Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті бұл мәселені жүйелі зерттей келе техникалық байқау орталықтарының

қызметінде туындаған бірқатар кемшілік пен олқылықтың бетін ашты.

Көлік комитеті төрағасының орынбасары Данияр Қоспабаевтың айтуына қарағанда, 2012 жылға дейін елімізде техникалық байқаудан уақытында өтпей тәртіп бұзатын көліктердің үлесі көп болатын. Ал мұның өзі жол қозғалысында едәуір қатер тудырады. Автокөліктер мен түрлі техникаларға жүргізілетін міндетті техникалық байқауды бәсекелестік ортаға берген сәттен

бері техникалық байқаудан өтпеген көлік құралдарының үлесі едәуір төмендегенін анықталып отыр. Мәселен, 2012 жылы техникалық байқаудан өтпеген көлік құралдары 13%-ды құраса, 2019 жылы бұл көрсеткіш бар болғаны 5%-ды құрады. Бүгінде көлік құралдарын техникалық байқаудан өткізуді өз құрамында 1500-ден астам техникалық байқау орталығы бар 600-ден астам оператор жүзеге асыруда. Яғни, көлік иесі үшін оны техникалық байқаудан уақытында өткізудің

ешбір проблемасы жоқ және бұл саладағы жемқорлықтың жолы да кесіліп отыр.

Міндетті техникалық байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне жүктелген болатын.

Данияр Қоспабаевтың айтуына қарағанда, техникалық байқаудан өтпеген көлік құралдары санының төмендеуіне бірінші кезекте техникалық

байқау орталықтарын (ТБО) ашу рәсімінің оңтайландырылуы, соның ішінде ТБО ашу үшін құжаттар пакетінің қысқартылуы, екіншіден, шағын және орта бизнеске қатысты бақылау-қадағалау іс-шараларын жүргізу бөлігінде жеңілдіктер берілуі (хабарлама тәртібіне көшіру, тізілімге енгізілгеннен кейін ТБО-ның тексеру жүргізуі үшін негіздерді алып тастау) әсер еткен.

(Соңы 7-бетте)